

Қорыта айтқанда, жоғарыда талданған шығармаларды ала отырып тәуелсіздік кезең әдебиетінде Кенесары Қасымұлының тұлғасы жаңа, еркін көзқараспен ашылғанын көреміз. Бұл орайда біз отыз жыл ішінде қазақтың соңғы ханы туралы жазылған барлық туыдыны қамтуды мақсат етпегенімізді айтқымыз келеді. Мақалада қарастырылған авторлар тарихи шындық пен өзінің жазушылық шеберлігін қолдана отырып хан Кенеге қазақ әдебиетінен лайықты дәреже бере алды деген қорытынды айтамыз. Қасық қаны қалғанша қазақ елі үшін күрескен қайраткер Кенесары Қасымұлы туралы шығармалар ханға деген ерекше құрметпен, өскелең ұрпақтың көзқарасымен әлі де жазылады деп сенеміз.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы. Кәусар бұлақ. – Екінші том. Алматы: «Қазығұрт», 2005. – 472 бет.
2. Қайран Ә. Ерасыл: Тарихи дастандар, балладалар, толғаулар, өлеңдер. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2012. – 216 б.
3. Қажыбаев Т. Хан Кене. Толғаулар, дастандар, драмалар. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2002. – 184 б.
4. Тұрғынбекұлы С. Жерорта: Жыр кітабы. – Алматы: Жазушы, 1998. – 208 б.
5. Кенесары хан / Жинақты құрастырушылар: Сұлтан, Аман Шота Нұғманұлы, Азамат Ақылбеков. – Алматы, 2017. – 408 б.
6. Темірбай А. Аллажар. Өлеңдер, балладалар, толғаулар. Көкшетау: Көкшетау университеті баспасы. – 2004. – 72 б.

ӘОЖ 1751

### АЛАШ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МОНАГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ

Елтай Арайлым Нұрғалиқызы  
[arailym.yeltay@mail.ru](mailto:arailym.yeltay@mail.ru)

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау мамандығының магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – С.Б.Жұмағұл

Әр заманда, әрбір тарихи кезеңде белгілі бір халықтың танымы оның мәдениетінде: рухани және материалды құндылықтарында, білімі мен ғылымында айқындалатыны айдан анық. Ал заман дамып, ғылым-білім өркендеген сайын, аталмыш құндылықтар жан-жақты зерттеліп, әр алуан қыр-сыры қарастырылатыны сөзсіз.

Қазақ халқының құндылықтарына тоқталатын болсақ, біз оларды ғасырлар бойы қалыптасқан халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінен аңғара аламыз. Ал ХХ ғасырдың басында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен тағдырына ерекше ықпал еткен тарихи оқиғалардың әсері отандық ғылымның, білім жүйесі мен мәдениеті бағытын жаңа арнаға бұрған болатын. Сол тарихи дәуірде көрініс тапқан жарқын тарихи үрдістердің бірі – Алаш партиясының құрылуы.

Тарих беттеріне көз жүгіртетін болсақ, Алаш қайраткерлерінің бастамасымен қазақ халқының мүддесі үшін атқарған қызметтерінің нәтижесінде елдік мемлекеттік іргетасы жаңарып, білім, ғылым, мәдениет, мемлекеттік басқару, тіл және әдебиеттану салалары бұрын-соңды болмаған қарқында өркендеді. Маңызды реформаторлық қадамдар қазақ мемлекеттілігін жаңғыртуға тарихи жол ашып берді. Осынау құбылыстың рухани және саяси өмірдегі мән-

мағынасы көптеген зерттеулердің басты нысаны болып, оның әр алуан қыр-сырлары жан-жақты зерттеліп, әр түрлі ғылым салалары тұсынан қарастырылып келе жатыр.

Бұл маңызды мәселені әдебиеттану ғылымының қырынан қарастыратын болсақ, алаш құндылықтарын түрлі аспекіде саралау ғылыми-зерттеу мақалалардан бастап күрделі монография мен очерктерге ұласу үстінде.

Бұл ғылыми-зерттеу мақаламызда біз алаш құндылықтарын монографиялық зерттеулерді әдебиеттану тұрғысынан қарастырып, онда сипатталған басты мәселелерді әдеби сын, әдебиет тарихы және әдебиет теориясы тұжырымдамалары негізінде талдауды мақсат етеміз.

Ең алдымен, біз алаш мұрасы, олардың көтерген басты мәселелері мен құндылықтарын зерттелу үрдісіне мән береміз. Ал кейін, талдауымызды тереңдете келе, олардың монографиялық еңбектерде қай қырынан қарастырылғанына мән беріп, олардың өзара айырмашылықтары менен ұқсастықтарын талдауға тырысамыз.

Алаш мұрасын зерттелу тарихына үңілетін болсақ, көптеген ғылыми еңбектердің басым бөлігі ХХ ғасырдың соңынан, яғни, Қазақстанның тәуелсіздік алғанынан кейін жарыққа шыққанын ескеруіміз керек. Бұған негізгі себеп ретінде Кеңес үкіметінің идеологиясының күйеуімен сабақтас жаңа зерттеу әдіснамасының орнығу үрдісін айтамыз. Біз қарастырып жатқан негізгі мәселелер монографиялар негізінде болғандықтан, аталмыш еңбектер келесі тақырыптардың негізінде қамтылған болатын:

- Әдебиеттану;
- тілтану;
- педагогика;
- мәдениеттану;
- тіл;
- мемлекеттік басқару;
- тарих [1].

Бір жағынан бұл мәселелер дербес және дара қарастырылатын тақырыптар болса, екінші жағынан осылардың әрқайсысы бір-бірімен тығыз байланысты. Бұған бірнеше себептер. Біріншіден, ХХ ғасырдың басында қазақ халқының көптеген даму бағыттары өзара бір жүйеде және мемлекеттік деңгейде қалыптасуға өріс алып, ұлттық ренессанс талабында алаш зиялылары мұралары әмбебап түрде қалыптасқан болатын. Жарқын мысал ретінде Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ғ.Қараш, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабайұлы, С.Торайғырұлы, М.Әуезов, т.б. алаш қайраткерлерінің педагогика, лингвистика, әдебиеттану, психология, тарих, этнография, т.б. салаларын қамтығанын айтуға болады.

Алаш мұралары мен құндылықтарын зерттеу нысаны ретінде алған монографиялық еңбектерді типологиялық құрылымы, мазмұны мен мақсатына қарай мынадай түрлері бойынша қарастыруға болады:

- Отандық тарих;
- әдебиет тарихы;
- әдебиет сыны;
- әдебиет теориясы [2, 76].

Жоғарыда берілген бөлініске назар аударсақ, біріншісі жалпы тарих саласына қатысты болса, ал қалғандары тікелей түрде әдебиеттану ғылымымен байланысты.

Нақты ғылым салаларына қалам тартпас бұрын, алаш зиялылары, ең алдымен, қазақ ұлтының тарихына бірізділендіруді, оны жүйелеу баяндауды мақсат еткен. Бір жағынан, ХХ ғасырдың бірінші ширегінде алаш қайраткерлері әдебиеттану, тілтану, педагогика, психология, және т.б. салаларын жеке-жеке қамтуға тырысқан болса, екінші жағынан, олардың еңбектері көбінесе әмбебап түрінде келіп, әрқайсысының мазмұнында отандық тарих айшықтарын

байқаймыз. Бұнын жарқын мысалы мен нақты дәлелдерін тарихшы ғалым М.Қ.Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» (1 кітап, 1995), «Ұлттық саяси элита» (2004), «Жетісудағы Ресей билігі» (2004), «Сталинизм и репрессии в Казахстане в 1920-1940 гг.» (2009) және «Казахстан в Российских революциях 1917 года» (авторлық бірлікте, 2011) атты монографиялық еңбектерінен байқай аламыз. Бұл еңбектерде Алаш партиясының тарихи сипаты мен олардың бастауымен тарихта орын алған ұлттық және саяси маңызы бар оқиғалар бірығай тарих ғылымы айнасынан зерттелген болатын. Р.Нұрғалидың «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» атты көлемді монографиялық зерттеуінде Алаш қаламгерлері Шәкәрім, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтардың өмірі мен шығармашылығы жөнінде терең әдеби-тарихи және әдеби сыни талдаулар беріліп, олардың тарих қойнауында қандай орын алғаны жан-жақты сипатталған болатын.

Сонымен бірге алаш зиялыларындағы құндылықтарындағы отандық тарих сипаты ерекше зерттелген ерекше монографиялардың бірі – Д.Д.Сүлейменованың «Алашорданың Батыс бөлімінің тарихы – өлке тарихының құрамдас бөлігі» атты монографиясы. Бұл еңбекте автор тек қана тарихи оқиғаларды сипаттап қана қоймай, сонымен қатар нақты сандық-статистикалық ақпараттармен жұмыс жасаған болатын. Осыған ұқсас М. Құл-Мұхамедтің редакциялық басшылығымен жарыққа шыққан «Алаш» бағдарламасы: қиянат пен ақиқат» монографиясының маңызы жоғары.

Бұл тұста біз жоғарыда берілген монографиялық еңбектердің негізінен таза тарихи зерттеулер арнасында жазылғанына көз жеткізсек, енді кезекте біз алаш құндылықтарының әдебиеттану саласында қандай рөл атқарғандығына назар аударамыз.

Бірінші түріне тоқталатын болсақ, негізгі мәнді әдебиет тарихына берген ғалымдар негізінен декриптивтік талдауға сүйеніп, алаш қайраткерлерінің мұраларын тарихи факторлар негізінде қарастырған болатын. Оларға біз К.Нұрпейісовтің «Алаш һәм Алашорда», М.Қойгелдінің «Алаш қозғалысы», Д.Аманжолованың «На изломе», Б.Мамыраевтың «Казахские литературные связи начала XX века» және «Основные тенденции развития казахской литературы первой четверти XX в.», т.б. еңбектерді жатқызуға болады. Бұл монографияларда алаш қайраткерлерінің тек қана әдебиеттану саласындағы емес, сонымен бірге жалпы тарих, саясат және мемлекеттіліктің қалыптасуы туралы тақырыптар қамтылған болатын. Ал әдебиет тарихы тұрғысынан қарастыратын болсақ, алаш зиялыларының ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа таралған фольклорлық шығармаларды бір жүйеге бірізділендіруі, алғашқы әдебиеттанудағы мақалалардың жарыққа шығуының сипатталуы аталмыш монографияларда бейнеленеді. Сонымен бірге А.Шәріптің «Қазақ поэзиясы және ұлттық идея» атты монографиясында алаш қайраткерлері идеяларындағы түркішілдік және исламшылдық сарындары жан-жақты сипатталып, әр қырынан зерттелген болатын. Бұл еңбектің алғашқы тарауында Шоқан, Ыбырай, Абай қозғаған ағартушылық қарастырылса, ғалым келесі тарауын М.Дулатұлы, М.Жұмабаев, т.б. алаш қайраткерлерінің құндылықтарының өзегінде түркішілдік идеясының, оның ұлтшылдық сарынмен қаншалықты байланысты екендігін дәлелдеп көрсетеді. [3, 54].

Әдебиет сыны төңірегінде жазылған монографияларға М.Базарбаевтың редакциялық басқаруымен шыққан «20-30 ж. қазақ әдебиеті: жаңаша бағайлау», «30-40 және 50- ж. қазақ әдебиеті: жаңаша пайымдау» атты ұжымдық монографияларын, Ш.Елеукуновтың «Мағжан», «1920-30 ж. қазақ әдебиеті» ұжымдық монографияны, т.б. еңбектерді жатқызуға болады. Негізгі қамтылған мәселелерге ғалымдар XX ғасырдың басында болған алаш қайраткерлерінің әдеби сын мен негізгі әдебиеттанудағы мәселелер талқыланады. Мысал ретінде ғалымдар өз монографияларында әдебиет сының қалыптасуы талдау жүргізеді. Атап өтсек, ұлттық әдебиеттану ғылымының әдеби сын, әдебиет тарихы және әдебиет теориясы сияқты негізгі салаларда көрінуі 1920 жылдарға келеді. Алғаш ұлттық басылымдарда жарияланған әдеби сын

мақалалармен бірге осы кезеңде әдебиетіміздің тарихына, оның теориясына арналған еңбектер жазыла бастады. Бұл біздің ойымызша, әдебиет туралы ғылымның қалыптаса бастаған деңгейін көрсетеді. Қазақ тіліндегі газеттер мен журналдардың көбеюі, баспа жұмысының дамуы, ең бастысы әдебиетші қаламгерлер қатарының артуы – ұлттық әдебиеттануды жаңа сандық және сапалық деңгейге көтерді. Дәл осы кезеңде әдебиет тарихының және әдебиет теориясының негізгі мәселелері көтерілді [4, 86]. Көптеген көркем шығармалар көпшілікке таныстырылды, ғылыми айналымға енді. Әдеби мұраны жинастыру жұмыстары фольклорға байланысты да, жеке авторларға байланысты да жүргізіле бастады. Сонымен ғалымдардың монографияларының көбісі алаш қайраткерлерінің өмірбаянын суреттеу арқылы олардың ұстанған құндылықтары мен қағидаттары бейнелеген болатын. Жарқын мысал ретінде Қ.Кемеңгердің «Олжабай Нұралыұлы» (2010), И.Р.Сахыбекқызы «Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны» атты монографиясын (2010), т.б. еңбектерді жатқызамыз.

Әдеби сынның мазмұны мен сипаты жағынан келесі кезеңі – 1920 жылдардан басталатыны ғылыми әдебиеттерде көбірек жазылып жүр. Т.Жұртбайдың пікіріне сүйенсек, мұның бірінші себебі - «Айқап», «Абай» журналы және «Қазақ» газетінде жарияланған әдеби ой-пікірлердің келесі кезеңде табиғи тұрғыдан эволюциялық дамуы болатын [5, 86]. Сол кезде алғашқы мақалалармен көрінген авторлар осы жылдары шығармашылығы жағынан есейді. Екінші жағынан, кеңестік кезеңде кітаптардың көбеюі, жаңа саясаттың әдебиетке партиялық құрал ретінде қарауы да өз кезегінде сандық көрсеткішке жеткізді. Дегенмен сапалық тұрғыдан әдебиет сияқты еркін ойдың демократиялық өнеріне шектеу қою, әдебиетті саяси межемен жүргізу, партократтардың әдебиет ісіне араласуы кеңестік әдебиеттегі дағдарысты да дайындады. Мұндай саяси тәртіп әдебиеттануға да тікелей әсер етті. Бұл жөнінде орыс ғалымдары В. Е. Хализев, А. А. Холиков, О. В. Никандорованың авторлығымен жарық көрген «Орыстың академиялық әдебиеттануы. Тарих және әдіснама» еңбегінің «Марксизм-ленинизм билік құрған дәуіріндегі догмалық әдебиеттану» тарауында: *«Советтік кезеңнің әдебиеттануындағы марксизмнің екі сипаты болды. Біріншісі – ол ғалымдардың қызметіне ықпал еткен танымдық және әдіснамалық сипат болды»* дей келе, оның салқыны әдебиеттанушылардың еңбегіне теріс ықпал етті дейді. *«Екіншісі – марксизм (нақтырағы – оның кеңестік нұсқасы) мемлекеттік билік арнайы рұқсат берген ғылымды құдалаудың қаруы болды»* делінеді [6, 81]. Орыс оқымыстыларының осы пікірінен кеңестік әдебиеттің де, әдебиеттанудың да қалай зардап шеккені көрінеді. Осындай зардапты қазақ сөз өнері де, оның ғылымы да басынан кешірді. Оған кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиеттану ғылымының тұтас тарихы куә. Әрине, ол ғалымдардың көзқарасына, азаматтық әділдігіне қарай бірінде аз, бірінде көп байқалды.

Әдеби-сын ойдың тақырыбы жағынан алуан болуы, мазмұнының кеңдігі 1920 жылдардағы мақалаларға тән. Егер «ақиқат тартыста, таласта туады» деген пікірді негізге алсақ, осы кезеңдегі әдеби айтыс ретінде жазылған сын мақалалардан осы жанрға тән көптеген ерекшеліктерді табуға болады. Олардың қатарында Ж.Аймауытовтың [7], Ә.Мәметованың [8], Ә.Мұстанбаевтың [9], А.Байтасов пен Д.Ысқақовтың [10], Қ.Кемеңгерұлының [11] жоғарыда аталған әдеби айтыс мақалаларын атаймыз. Әдеби айтысқа арналған бұл мақалаларда әдебиеттану әдіснамасына тән бірнеше әдістерді табуға болады. Әдеби айтыстың өзі негізінен ұлттық платформадағы Алаш қаламгерлері мен таптық идеядағы кеңестік жазушылар арасында болғанын ескерсек, онда тұрпайы социологиялық әдіс пен басқа ғылыми әдістер арасындағы пікір тартысы деуге де болатын сияқты [4, 96].

Бұл тұста, А.Ісімақова «Алаш әдебиеттануы» мен «Асыл сөздің теориясы» монографияларында сипатталған пікірлерге сүйенсек, алаш қаламгерлерінің идеялық тұғырнамасы ұлт тарихына, жалпы руханиятына, оның ішінде әдебиетіне көзқарастары мейлінше қалыптасқан болатын. Осы әдеби айтысқа қатысқан Ж.Аймауытовтың да,

Қ.Кемеңгерұлының да, С.Сәдуақасұлының да азаматтық көзқарастарында ұлттық тұрлаулылық, білім мен жан-жақтылық басым болатын. Сондықтан да олар ұлттық мұратты, елдік сананы саясат ығына жығып бере салмайтын. М.Жұмабаевтың «Алқа» бағдарламасы осы айтысқа тікелей арналмаса да автордың пікірлерінен, жалпы осы еңбектің өнебойынан әдебиетті саясаттан арашаламақ мақсат байқалады [12, 56].

Ал әдебиеттанушы ғалым, Д.Қамзабекұлының пікірінше, әдеби айтысқа қатысқандарды көзқарастары және олар тұтынған ғылыми әдістер бойынша шартты түрде екі топқа бөлуге болады. Алғашқылары негізінен алғанда Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы сияқты Алаш көсемдерінің идеаларына қанық, ұлттық мұрат бағытын бәрінен жоғары қоятын әрі білімді сол кездегі саясат тілімен «ұлтшыл» ретінде бағаланған қаламгерлер. Олар - Жүсіпбек Аймауытов, Ыдырыс Мұстамбайұлы, Қошқе Кемеңгерұлы, Абдолла Байтасов және Даниял Ысқақов. Келесі топқа енетіндер барынша партиялық- большевиктік саясат ұранына елітіп, жаңадан орнап жатқан үкіметтің идеологиясын, таптық позициясын әдебиетке таңатын қаламгерлер. Олардың қатарында осы әдеби айтыста белсене байқалғандар – Сәбит Мұқанов, Әбдірахман Бәйділдін, Ғаббас Тоғжанов, Шаймерден Тоқжігітов секілді қаламгерлер. Әдеби айтыс сол кездегі «Еңбекші қазақ» «Қызыл Қазақстан», «Ақжол», «Жаңа әдебиет», «Шолпан», «Сана», «Темірқазық» «Лениншіл жас» сияқты басылымдардың беттерінде өрбіді. Әсіресе «Еңбекші қазақ» газетінде әдеби айтысқа арналған көптеген мақалалар жарық көрді [13, 97]. Ж. Аймауытовтың Мағжан туралы еңбектің өнебойынан жоғарыда аталған мәдени- тарихи мектептің негізгі қағидаттарын көреміз. Мысалы, сыншы: «... әр адамның – әр ақынның өрісі: бірінші – заманға, екінші – туып, өскен әлеуметіне, үшінші – нәсіліне (тұқымына) байлаулы» - дейді [14,158]. Байқағанымыздай, Тэннің қағидаттарына Ж. Аймауытовтың тұжырымы толық сәйкес келеді: нәсіл – нәсіліне (тұқымына); орта - туып, өскен әлеуметіне; кезең – заманға. Өз дәуірінің аса дарынды жазушысы ғана емес, Ж. Аймауытовтың ең білімді адам екенін білеміз. Бұған оның «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау», «Тәрбиеге жетекші» сияқты ғылыми мазмұндағы еңбектері және орыс классиктерін айтпағанның өзінде В. Шекспир, В. Гюго, Г. Мопассан, А. Дюма, Р. Тагор, Дж. Лондон сияқты шетел әдебиетінің өкілдерін ана тілімізге аударғаны айғақ болады. Бәлкім, қазақ қаламгері И.Тэннің еңбектерімен тікелей таныс болмағанымен, ол негізін салған мәдени-тарихи мектептің өкілдері Ресейде аз болмағанын білеміз. Олардың қатарында көпшілікке мәлім А.Н.Пыпин, Н.С.Тихонравов, С.А.Венгеров, П.Н.Сакулин, Н.К. Пиксанов сияқты ғалымдар болды. Оның бер жағында француз ғалымның еңбектері Ресейде бірнеше рет аударылып, ғылыми ортаға әбден танымал болатын.

Әдебиет теориясына тоқталатын болсақ, бұл тұста ғалымдар өздерінің монографияларында алаш қайраткерлерінде қамтылған әдебиет теорияларына қатысты пікірлерді талдайды. Жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ әдебиеттану ғылымындағы осы кезеңдегі ең үлкен жаңалық әрине, 1926 жылы Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылорда қаласында жарық көрген А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегі. Бұл еңбек сөз өнерінің табиғатын, көркем шығарманың мазмұны мен құрылысын, шығарма тілінің көркемдігі мен бейнелілігін және тағы да басқа әдеби категорияларды ашып берген алғашқы көлемді еңбек болды. «Әдебиет танытқыш» жөнінде академик Р. Нұрғалиев:«...қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» - » - деп жазса [15, 192] Ө. Әбдиманұлы бұл еңбекті «Әдебиеттанудың басты еңбегі» деп бағалап: «Ахмет Байтұрсынұлының әдебиеттану ғылымы саласындағы басты кітабынан саналатын бұл еңбегі әдебиеттің әсемдік әлемін, көркемсөз табиғатын, сөз өнерінің сырын, мазмұны мен мәнін, мақсаты мен міндетін, әдебиеттің өнер түріндегі өзіне ғана тән қасиеті мен ерекшеліктерін, асыл сөздің адам дүниетанымын, қоғамдық көзқарасын қалыптастырудағы алар орнын ғылыми түрде

жүйелеп түйсіндіру мен түсіндіруге жасалған тұңғыш қадам, алғашқы талпыныс болуымен құнды» [16, 277] – дейді.

Әдеби сын мақалаларға, әдебиет тарихына арналған зерттеулерге қарағанда, біздің ойымызша, әдеби-теориялық еңбектерде әдебиеттану ғылымына тән зерттеу әдістерінің барлығы дерлік қолданады. Себебі әдеби-теориялық еңбектер жалпы әдебиеттің төл табиғатын, көркем шығарманың барлық мазмұндық, құрылымдық жақтарын, әдеби үдерістің сипатын, әдеби байланыстар ерекшеліктерін сол сияқты әдебиетке тән барлық ерекшеліктерді қамтиды. Егер атап айтар болсақ, онда бұл толымды әдеби-теориялық еңбекте сипаттау, биографиялық, мәдени-тарихи, салыстырмалы-тарихи, тарихи-типологиялық, социологиялық, психологиялық, структуралық әдістердің барлығы да қажетінше қолданылады. А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегін, айталық, қазақ әдебиеттануындағы Қ. Жұмалиев [17], З. Қабдолов [18], С. Мақпырұлы [19] қазіргі кездегі қолданыстағы В.Е.Хализевтің [20], С.Н.Бройтман мен Н.Д.Тамарченконың [21] еңбектерімен салыстырар болсақ, әрине, әдіснама тұрғысынан бірқатар ерекшеліктерді аңғарамыз.

Жалпы, қазақ әдебиеттану ғылымының бастапқы кезеңінде әдебиеттің осындай эстетикалық басты қасиетіне, қызметіне ерекше назар аударылған еңбектер қатарында «Әдебиет танытқышпен» бірге Ж. Аймауытовтың «Көркем әдебиетті саралау», «Көркем әдебиет туралы», М. Жұмабаевтың «Алқа» бағдарламасын және Қ. Кемеңгерұлының «Көркем әдебиет туралы» еңбектерін атауға болады. Олар 1920 жылдары жалпы көркем өнерге оның ішінде әдебиетке де таптық тұрғыдан баға беріліп, тұрпайы социологиялық әдіс үстемдік ете бастаған тұста өз замандастарына әдебиеттің ең бастапқы қызметі оның эстетикалық қызметі екенін түсіндірумен болды. Мысалы, Ж. Аймауытов: «Әдебиет – өнер. Өнер азды көпті еркіндікті тілейді. Қазақ әдебиеті көгерсін, гүлденсін десек, жалаң тап көзімен, не саясат көзімен қарап, сыңаржақ етпей, Маркс көзімен (диалектика әдісін қолданып) сынау керек. Маркс көзі тар емес, кең» [14, 223] деп жазады. Автордың әдебиетті ең алдымен, өнер ретінде жоғары бағалайтын пікірін оның «Әдебиет», «Әдебиетті саралау» және М. Әуезовпен бірге жазған «Абайдан соң ақындар» мақалаларынан да анық аңғарамыз. Әдебиеттің таза көркем өнер ретіндегі маңызы туралы М. Жұмабаев пікірлерін «Алқа» бағдарламасына байланысты жазған пікірлерімізде көрсеткен болатынбыз. Ал Қ. Кемеңгерұлы ойларына келер болсақ, оның әдебиетті ең алдымен, өнер ретінде бағалайтын пікірлерін С. Мұқановпен айтыс ретінде жазылған еңбектерінен табамыз. Мысалы ол : «Сәбит кішкене үгіт, кішкене айғай керек дейді. Үгіт, айғай пайдалы шығар, бірақ онымен ақын-жазушы шығаруға болмайды» - деп жазады [11, 218].

Әдеби-теориялық ойлардағы әдіснамалық әдістерді осы кезеңде жазылған Ілияс Қабыловтың «Қазақ ақыны Абайдың философиясы және оның сыны» және оған жауап ретінде жазылған Ыдырыс Мұстамбаевтың «Көркем әдебиет туралы», «Ақын Абай және оның философиясы» мақалаларынан сонымен қатар жалпы әдебиет, оның рөлі, қоғамдағы маңызы туралы сол кезде көптеген қаламгерлер қатысқан әдеби айтыс ретіндегі мақалалардан да аңғарамыз. Алдымен І. Қабыловтың және Ы. Мұстамбаевтың мақалаларына тоқталамыз.

XX ғасырдың бастапқы жылдарынан басталған Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған мақалалар бастапқы да ақынның өмірбаяны жайына көбірек тоқталса, 1920 жылдардағы еңбектерде классик ақын мұрасы жан-жақты зерттеліне бастады. Ақын мұрасын әдеби-философиялық тұрғыдан тануға, бағалауға талаптанған ең алғашқы еңбектердің легінде Ілияс Қабыловтың, Ыдырыс Мұстамбаевтың жоғарыда аталған мақалаларын келтіреміз. І. Қабыловтың 1928 жылғы 2 тамызда «Советская степь» газетінде орыс тілінде жарияланған мақаласы автордың Қазақ педагогика институтында оқылған баяндамасының тезистері екен [22, 56].

Қорындылайтын болсақ, бұл жұмыста алаш қайраткерлері мұралары мен құндылықтарының әдебиеттану саласымен тығыз байланыстырып, олардың Р.Нұрғали,

Ө.Әбдиманұлының, С.Қирабаев, Ж.Смағұлов, Д.Қамзабекұлы, т.б. көптеген ғалымдардың монографияларында қандай тұста талданғанына көз жеткіздік. Нәтижесінде біз алаш қайтаркерлері пікірлері, ғылыми тұжырымдалары менен құндылықтарының әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, және әдебиет сыны тұсынан талдауға тырыстық.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Тілешов Е., Қамзабекұлы Д., Нұрахмет И. “Алаш” қозғалысы – Алматы: Сардар, 2008. – 324 б.
2. Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы. – Алматы: Сардар, 2014. – 578 б.
3. Смағұлов Ж. XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы: Оқулық. Астана: Фолиант, 2017. – 480 б.
4. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: «Білім», 2000. – 336 б.
5. Жұртбай Т. Талқы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 186 б.
6. Хализев В.Е., Холиков А.А. Никандрова О.В. Русское академическое литературоведение: История и методология. – Москва; Санкт-Петербург: Нестор-История, 2015. – 176 с.
7. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы: повесть пен әңгімелер, аудармалар. 2 т. – Алматы: Ғылым, 1997. – 272 б.
8. Мәметова Ә. Көркем әдебиет туралы // Алаш ақиықтары. – Алматы: Алаш, 2006, - 288 б.
9. Мұстамбаев А. Көркем әдебиет туралы // Алаш ақиықтары. – Алматы: Алаш, 2006, - 288 б.
10. Байтасов Д. Ысқақов Д. Көркем әдебиет туралы // Алаш ақиықтары. – Алматы: Алаш, 2006, - 288 б.
11. Кемеңгерұлы Қ. Шығармалары. Т.1. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
12. Ісімақова А. Асыл сөздің теориясы. – Алматы : Таңбалы, 2009.
13. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. Монография. – Алматы: Сардар, 2009. - 310 б.
14. Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы/ М. Жұмабаевтың шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 558 б.
15. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек// А.Байтұрсынұлы. – Алматы: Ақ жол, 1991.-321 б.
16. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. Оқу құралы. – Қарағанды: Болашақ-баспа, 2010. – 340 б.
17. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1968, – 243 б.
18. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002, – 343 б.
19. Мақырұлы С. Әдебиет теориясы. – Алматы: Фолиант, 2003. - 344 б.
20. Хализев В.Е. Теория литературы. Москва: Academia, 2004. - 405 с.
21. Бройтман С.Н., Тамарченко Н.Д. Теория литературы. Москва: Academia, 2004. - 368с.
22. Мұстамбайұлы Ы. Ақын Абай және оның философиясы// Алаш ақиықтары. – Алматы: Алаш, 2006, - 288 б.

ӘОЖ 1751

**ЖҮМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӨРНЕГІ**

Емберген Балауса Өтемұратқызы

[zhkadyrov\\_777@mail.ru](mailto:zhkadyrov_777@mail.ru)